

Жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 30-қ қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 3 наурызда № 5745 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 13 маусымдағы № 95-қ қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 13.06.2017 № 95-қ қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңына сәйкес Арал ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жұмыс орындарының квоталары:

1) пробація қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін;

2) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін;

3) ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін 2017 жылға ұйымдық-құқықтық нысанына және меншік нысанына қарамастан Арал ауданының ұйымдарында жұмыскерлердің тізімдік санының екі пайызы мөлшерінде белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Арал ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

АУДАН ӘКІМІ

М. ОРАЗБАЕВ